

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Факультет: Философия және саясаттану факультеті

Мамандық: Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану, 2 курс

6-СӨЖ: Қатігездікке ұшыраған балалармен жұмыс жасау бағдарламасын құрастыру.

Орындаған: Мамбетниязова А.

Қошқарбаева А.

Яқып А.

Жарылқап У.

Тексерген: Әрінова Б.А.

*Балалар –біздің кәрілігіміз.
Жақсы тәрбиелеу –біздің
бақытты кәрілігіміз, жаман
тәрбиелеу- болашақ
бақытсыздығымыз, көз
жасымыз, өзгелердің және бүкіл
мемлекеттің алдындағы
күнәміз.*

А. С. Макаренко



Зерттеу объектісі – қатыгездікке ұшыраған бала.

Зерттеу мақсаты– Отбасындағы балаларға деген қатыгездікті әлеуметтік – педагогикалық мәселе ретінде қарастыру.

Зерттеу міндеттері:

* Отбасындағы балаға деген қатыгездіктің болмысын қарастыру.

* Қатыгездіктің себептерін, типтерін талдау

* Қазақстандағы балалардың жалпы құқықтар жүйесін ұсыну

* Балалар үйін қадағалау

Зерттеу әдістері:

1

•**Теориялық** (Зерттелетін мәселе бойынша әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау);

2

•**Эмпирикалық** (әлеуметтік- педагогикалық бақылау, балалар іс-әрекеттерін талдау, әлеуметтік- педагогикалық дағдыны жалпылау).

Мәселенің тарихы

Балаларға деген қатығездік – көп ғасырлардағы қоғам өмірінің кескіні.

Қатығездік туралы мәліметтер әдебиеттерде б.з.д 2 ғ. бастап кездеседі.

Ерте ғасырларда кемшілігі бар және қалаусыз туылған балалардан арылу немесе оларды ритуал үшін құрбан ету көптеп кездескен. Баланың өмірі тікелей ата-анасына байланысты болған.

Балаларға деген қатыгездіктің себептері:

- Жұмыссыздық немесе төмен әлеуметтік жағдай
- Ата-анасының ішімдікке бейімдігі
- Жалғыздық немесе ажырасу
- Шиеленісті көбейтетін тар үй
- Физикалық немесе психикалық шаршау
- Ата-аналардың кемелсіздігі
- Эгоизм
- Балаға ынтықтықтың болмауы
- Шектен тыс талап
- Басқа баланың туылуы
- Көп бала

Қатыгездіктің түрлері

Физикалық зорлық-зомбылық – балалардың денсаулығына, өміріне және дамуына зиян келтіретін физикалық және дене жарақаттары.

Эмоционалды зорлық – зомбылық – жақын адамдардың психологиялық терроры. Мысалы: баланы қараңғы бөлмеге қамау, бопсалау.

Қажеттіліктерді ескермеу. Баланы тамақ, киім, гигиеналық талаптармен және т.б. қамтамасыз етпеу. Екпелер жасатпау, емханаға жүгінбеудің өзі қатыгездік болып табылады.

Қатыгездіктің зардаптары

Зорлық- зомбылықтың түрлері әрқалай болса да әрқайсысы баланың денсаулығына, әлеуметтенуіне және дамуына үлкен зардабын тигізеді.

Балаларына қол көтеретін ата-аналардың есінде болуы тиіс мәлімет: Ата-аналарынан соққы жеген балалардың әрбір екіншісі ата-аналарын ұрған.

Балаға жасалынған қатыгездіктің нәтижесінде баланың психикасына зардап келеді. Бала өсіп, ата-ана болған кезінде өз баласына да қатыгездік көрсетуі мүмкін.

«Қатыгездіксіз балалық шақ» бағдарламасы

Бағдарламаның мақсаты:

Қоғамды қатыгездік мәселесіне зейін қоюға шақыру. Тәрбиелеудің қатыгездіксіз әдістерін үйрету. Қоғамды төзімділікке баулу

Міндеттері:

1. Жасауға болатын және болмайтын іс-әрекеттер мен тәрбие әдістері туралы ағарту жұмыстарын жүргізу
2. Жасөспірімдерге деген төзімділік және отбасылық құндылықтар
3. Қатыгездіктің алдын алатын мамандардың шеберлігін арттыру
4. Зорлық- зомбылыққа ұшыраған балаларға психологиялық көмек көрсету

«Қатыгездіксіз балалық шақ»
туралы ақпараттар және
психологтардың кеңестері
жазылған буклеттерді тарату

Газет-журналдарға
тәрбиелеудің қатыгездіксіз
әдістері және балалар мен ата-
аналардың қарым-қатынасы
туралы сұрақтарға байланысты
мақалаларды басып шығару.

Отбасылық
құндылықтар туралы
кітаптар көрмесін
ұйымдастыру

Мектеп сенім
поштасын
ұйымдастыру

Ақпараттық
стендтер

Сенім
телефондары

Ата-аналардың жауапкершілігін арттыруға арналған іс-шаралар:

•«Жас отбасы клубын» құру. Клубта тәрбиелеу туралы бүкіл тиімді ақпараттар беріледі, педагогикалық ағарту жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар түрлі тесттер, анкеталар, сауалнамалар алынады.

•«Балалық шақ бақытты болуы керек» атты ата-аналар жиналысын өткізу. Жиналыста балаларға деген қатыгездіктің алдын-алу және оны ерте анықтау туралы ақпараттар беріледі.

Жұмыс кезеңдері:

Отбасының
әлеуметтік қауіпті
жағдайын
анықтау

Ата-ананың
ауытқыған іс-
әрекеттеріне себеп
болушы факторларды
анықтау мақсатында
отбасымен кездесу
және оны зерттеу.

Әлеуметтік-
педагогикалық
көмек көрсету.

Жұмыс формасы:

Балалармен және оның ата-аналарымен жеке жұмыс

Құқықбұзушылықтың деңгейін анықтау

Мектеп кеңесінде осы отбасының әлеуметтік жағдайын талқылау

Қазіргі заман ойшылы Антоний Ходоровский «ну орманда жақсы қасқырға кезіккен абзал ма, әлде қатыгез қоянға ма» деп сұрау тастапты. «Қасқырдың жайсаңы, қоянның қатыгезі болушы ма еді» деп өре түрегелерсіз. Алайда мұны сөздік экспрессия, символдық эпитет деп түсінген ләзім. Не десе де, бұл – оның аллегория арқылы қатыгездік дейтін әрекеттің қорқақтық пен әлсіздіктен, қорқыныштан күш алатынын астарлағаны.

Ұлы Жазушы Лев Толстой «Әлемде болып жатқан қатыгездік, мейірімсіздік қайдан болады деген сұраққа жауап іздеумен болдым, көп іздендім, көп жүрдім, көп оқыдым, ақырында осының түп-тамыры – имансыздықта деген тұжырымға келдім» деген

Егер балам қатыгез, қайырымсыз, өзімшіл болып өспесін десеңіз, бала тәрбиесінде мына қателіктерге жол бермеңіздер.



1. Балаларды орынсыз еркелету.
2. «Не істесең оны істе, маған бәрібір» деп айту.
3. Аса қаталдық, яғни «Мен не айтсам, соны орындауың керек, өйткені мен сенің ата-анаңмын» деп айту.
4. Егер сен мен қалағандай болмасаң, мен сені жақсы көрмеймін деп айту.
5. Саған көңіл бөлуге уақытым жоқ»- деп айту.
6. Балаңызды баршылыққа баулымау.
7. Балаңыздың ісіне, көңіл-күйіңізге қарап баға беру, яғни көңіл-күйің нашар болса, оның қуанышына ортақтаспау, әңгімесіне құлақ аспау т.с.с.



Назарларыңызға рахмет!